

10 сынып №1 бжб. «Географиялық зерттеулер әдістері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып

Зерттеу әдістерінің түрлері

Оқу мақсаты

- 10.1.1.1 Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдістерін қолдану
- 10.1.1.2 Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану
- 10.1.1.3 Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Географиялық мониторинг әдісі арқылы ақпаратты талдайды
- Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдісін қолданады
- Сандық әдістерді қолдану арқылы ақпаратты талдайды

Ойлау дағдыларының Қолдану деңгейлері

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

25 минут

Тапсырма

1. Картада 2016 жылғы ҚР-ның аудандарында атмосфераға шығарылған ластаушы заттар көлемі берілген (мың тонна)




а. Картадағы деректерді пайдаланып, еліміздегі қышқыл жаңбырдың жауу қауіптілігі бар аймақтарды кестеге толтырыңыз. Әр деңгейге 1 облыстан жазыңыз.

қауіптілігі жоғары	қауіптілігі орта	қауіптілігі төмен

б. Қышқыл жаңбырды қалыптастыратын негізгі екі негізгі себебін атаңыз.

2. Дүниежүзі елдерінің жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің картасы берілген.



а. Әлемдегі елдерді экономикалық дамуына қарай үш топқа жіктеңіз.

б. Берілген карта мен атлас картаны пайдаланып, даму деңгейі бойынша екі елді мысалға алып салыстырмалы талдау жасаңыз. Жауабыңызды «+» белгісімен белгілеңіз.

дамыған	экономикасы	дамушы
	Туу көрсеткіші жоғары	
	Қызмет көрсету саласы басым	
	Жан басына шаққандағы ЖІӨ төмен	
	ҒТР-дың бастапқы пайда болуы	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Географиялық мониторинг әдісі арқылы ақпаратты талдайды	1	қышқыл жаңбырдың жауу қауіптілігі жоғары облысты анықтайды;	1
		қышқыл жаңбырдың жауу қауіптілігі орта облысты анықтайды;	1
		қышқыл жаңбырдың жауу қауіптілігі төмен облысты анықтайды;	1
		қышқыл жыңбырды қалыптастыратын 1-ші себепті атайды;	1
		қышқыл жыңбырды қалыптастыратын 2-ші себепті атайды;	1
Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдісін қолданады	2	экономикалық дамуына қарай 1-топқа жіктейді;	1
		экономикалық дамуына қарай 2-топқа жіктейді;	1
		экономикалық дамуына қарай 3-топқа жіктейді;	1
		туу көрсеткіші жоғары мемлекеттерді анықтайды;	1
		қызмет көрсету саласы басым елдерді анықтайды;	1
		ТҰК саны аз елдерді анықтайды;	1
		ҒТР-дың бастапқы пайда болған елдерді көрсетеді;	1
Жалпы балл:			12

10 сынып. Бжб №2. «Картография және геоинформатика» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Заманауи картографиялық әдістер. Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді визуализациялау
Оқу мақсаты	10.2.1.1 Тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану 10.2.2.3 АКТ графикалық редакторларының қолданысымен тақырыптық картасызбаларды жасау
Бағалау критерийі	Білім алушы - Картографиялық әдісті қолданып, ақпаратты зерттейді - Ақпаратты қолданып, картасызба жасайды
Ойлау деңгейлері	Қолдану Жоғарғы деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут
Тапсырма	

1. Атласты қолданып, Аустралияның жер бедерін зерттеңіз.

- Биіктіктігі басым аймақ материктің қай бөлігінде орналасқанын анықтаңыз.
- Материктің ең төмен және ең биік нүктесін анықтап, айырмасын жазыңыз.
- Материкте орналасқан үш таудың шындарының биік нүктесін анықтап, биіктігін жазыңыз.
- Жер қыртысының құрылымы картасын қолданып, осы таулардың қандай қатпарлыққа сәйкес келетінін анықтаңыз


2. Мәтіндегі деректерді қолданып, Қазақстанның халық тығыздығының картасызбасын жасаңыз.

Қазақстан жер аумағы үлкен (2724,9 мың км²) болғанымен халық сирек қоныстанған елге жатады. Оның аумағының сәйкес түрде 1 км²-не 6,2 адамнан келеді. Тұрғындар үшін табиғат жағдайы неғұрлым қолайлы өңірлер Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары (Алматы қаласын қоса алғанда).

Тұрғындар тығыздығы 1 км²-ге 16,9; 6,9 және 7 адамнан келеді. Салыстырмалы түрде тұрғындары көп келесі аймақтар Солтүстік Қазақстан аймағы: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарының аумағы. Тұрғындар тығыздығы 1 км²-ге 5,2; 7,4; 5,7 және 6,5 адамнан келеді. Шығыс Қазақстанда республика тұрғындар тығыздығы 1 км²-ге 5,4 адамнан. Орталық Қазақстанда (Қарағанды облысы) республика тұрғындары км²-ге 3,3 адамнан келеді. Халық ең аз қоныстанған аудандар Батыс аймақтар Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары және Оңтүстік Қазақстан аймағындағы Қызылорда обл. Мұнда 1 км²-ге келетін орташа тығыздығы, тиісінше, 1,9; 3,7; 4,1; 2,3 және 2,6 адамнан.

1999 жылғы санақ жүргізілген кездегі ҚР-ның әкімшілік-аумақтық бірлігінде 84 қала, 200 кент, 2036 ауылдық округ, 7684 ауылдық елді мекен болды. Ресми статистистикалық мәлімет бойынша, Қазақстан тұрғындарының 56%-ы қалалық елді мекендерде, 44%-ы ауылдық елді мекендерде тұрады.

- Мәтіндегі деректерді пайдаланып, Қазақстанның халық тығыздығының картасызбасын жасаңыз.



Шартты белгілер:

- б. Қазақстандағы халық тығыздығы бойынша ең жоғары және ең төмен аудандарды анықтаңыз.
- с. Халық тығыздығы төмен болуының 2 себебін түсіндіріңіз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Картографиялық әдісті қолданып, зерттейді	1	биіктіктігі басым аймақ материктің қай бөлігінде орналасқанын анықтайды;	1
		материктің ең төмен нүктесі анықтайды;	1
		материктің ең биік нүктесі анықтайды;	1
		материктің ең төмен және ең биік жерінің айырмасын анықтайды;	1
Ақпартты қолданып, картасызбалар жасайды	2	халық тығыздығының картасызбасын сызады	1
		ақпаратты шартты белгілермен көрсетеді;	1
		халық тығыздығы ең жоғары аудандарды анықтайды;	1
		халық тығыздығы ең төмен аудандарды анықтайды;	1
		халық тығыздығы төмен болуының 1-себепін түсіндіреді.	1
		халық тығыздығы төмен болуының 2-себепін түсіндіреді.	1
Жалпы балл			10

10 сынып №3 бжб. Бөлім 3. Табиғатты пайдалану және геоэкология (15балл)

Тақырып

Табиғатты пайдалану

Оқу мақсаты

10.3.1.1 Табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Шаруашылық типтеріне қарай табиғатты пайдаланудың қажеттілігін сипаттайды
- Нәтижесін графикалық түрде бейнелейді

Ойлау дағдыларының деңгейі Білу және түсіну, қолдану

Тапсырма

1. Қоршаған ортаны ластаушыларды жіктелуі бойынша кестеге толтырыңыз

Ластанудың шығу тегі	Нысандары	Ауқымы	Ластану түрлері	Созылу уақыты
1.	1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.	2.
	3.	3.	3.	
	4.			

а.1-суретке қарап, экологиялық мәселені анықтаңыз

б. 2-суретке қарап, жеке тұлғадан талап етілетін экологиялық мәдениетті жазыңыз

с.Өз аймағыңыздағы осы мәселені шешу үшін екі ұсыныс жасаңыз

1).

2).

3. Қоршаған табиғи ортаны қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың негізгі принциптері қандай?

4. Табиғатты пайдалану жолдарын орыс экологы Н.Ф.Реймерстың жіктеуі бойынша жазыңыз.

1.

2.

3.

4.


5. Еліміздегі 2007-2012 жылдар арасындағы өндірілген мұнайды графикалық түрде көретіңіз. (млн тонна жылына)

2007 ж. -55 300 2010 ж -79 700

2012 ж – 79 200 2016 ж – 65 577

[illegible]

6. Сырдария Орта Азиядағы ірі өзендердің бірі.



а. Сырдария өзені қандай мемлекеттердің территориясы арқылы өтетінін жазыңыз.

б. Сырдария өзені суын шаруашылыққа қолдану салдарынан туындайтын әлеуметтік, экологиялық және саяси мәселелерді сипаттаңыз.

әлеуметтік

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ


саяси

«География» пәнінен 1-тоқсан ТЖБ

1. Мәтіндегі ақпаратты қолданып, инфографика құрыңыз[2]

Қазақстан халқының негізгі бөлігі бес тілдік әулеттің - алтай (халықтың 69%), үнді еуропа (30%), Солтүстік Кавказ (0,4%), синотибет (0,3%) және орал-юкагир (0,2%) әулеттер құрамына кіреді. Алтай тіл әулетіндегі ең ірісі – түркі тобы, ал қазақтар – елдегі түркі халықтарының ішіндегі ең саны көбі болып есептеледі. Үнді еуропа әулетіндегі саны бойынша біріншісі - славян тобы, ал еңірі славян халқы — орыстар.

2. Төменде берілген картаны пайдаланып, тапсырманы орындаңыз.



А) Бұл суретте географиялық дерек қандай әдіс арқылы берілген анықтаңыз. (1)

В) Картада берілген қаңтар айының орташа айлық температурасын пайдаланып, географиялық деректер базасын жасаңыз. (3)

№	Қалалар	Орташа айлық температура, Қаңтар (°C)
1	Нұр – Сұлтан, Көкшетау, Қостанай, Петропавл, Павлодар, Семей, Өскемен	- 20° және одан төмен
2		- 20° және – 16° аралығы
3		
4		

С) Картадан жыл ішіндегі ең көп боранды күндердің ең жоғары көрсеткіші байқалған аймақты анықтаңыз және сәйкесінше боранды күндер көрсеткіші ең төмен аймақты тауып, жазыңыз.

[2]

3. Мониторинг әдісін қолданып, тапсырманы орындаңыз



А) Берілген картаны пайдаланып, ең көп келушілер қай елден анықтаңыз? [2]

В) Ең көп кетушілер қай елден анықтаңыз?

[2]

С) Келушілер мен кетушілер айырмасы неге көп, түсіндіріп көріңіз.[2]

4.Берілген ақпаратпен мұқият танысып, тапсырманы орындаңыз.

«Тайынша Астық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі, Жер реформасы бойынша республикалық комиссияның мүшесі Анатолий Рафальский егер Қазақстанда егістік жерлер тиімді пайдаланылмайтын болса, олар 2065 жылы жойылып кетуі ықтимал деп есептейді.

Жер құнарсыздануының статистикасын ол өзі егіншілікпен айналысатын Солтүстік Қазақстан облысының мәліметтеріне сүйеніп жасап отыр. А.Рафальскийдің келтірген деректері бойынша, СҚО-да 7,2 млн. гектар ауыл шаруашылығы жері бар. 1991 жылдан бері оның көлемі 1,8 млн. гектарға дейін төмендеп кеткен. Ал егістік жерлер өңірде шамамен 4,8 млн. гектарды құрайды, ол жиырма бес жылда 518 мың гектарға азайып отыр.

«Бұнда тек сандар сөйлеп отыр ғой. Негізінде құнары аз жерлердің көлемі артуда. Бұндай үдеріс барлық аудандарда орын алып жатыр. Егер бұл ары қарай жалғаса берсе, егер біз ешқандай шара қолданбасақ, 2065 жылға қарай біз тіпті егістік жерлерімізден айырылып қаламыз. Сондықтан тезірек шара қолдануымыз шарт. Жаңа Жер Кодексінде ауылшаруашылығы жерлерін тиімді пайдалануымызға, жерді нарықтық айналымға шығаруымызға қажетті нормалардың барлығы қарастырылған», – деп атап өтті А.Рафальский.

А) Елімізде өсірілетін басты дақыл түрлерін атаңыз және дақыл түрлерінен дайын өнім шығаратын кәсіпорындарды анықтаңыз.[2]

В) Егін шаруашылығының жер ресурсына тигізетін кемінде екі кері әсерін анықтаңыз және оның себебі мен салдарын түсіндіріңіз.[2]

С) Егістік жердің құнарлығын арттырудың кемінде екі жолын ұсыныңыз. [2]

Тапсырма 5. Суретті пайдаланып, экологиялық таза өндірістік жоба ұсыныңыз (жергілікті компонент негізінде). (5)



Өндірісті орналастыратын жерді анықтаңыз	
Шығарылатын өнім түрін жазыңыз	
Өнімнің потенциалын сипаттаңыз	
Экономикаға тигізетін пайдасын анықтаңыз	
Жобаның экологиялық таза екенін анықтаңыз	

Тапсырма 6. Табиғи ресурстардың түрлерін пайдаланудың шаруашылық салалары бойынша жіктелуін, тиімді және тиімсіз пайдалану жолдарын сызба түрінде ұсыныңыз.

(5)

